

● Тарих және тағлым

**Мустафа Кемал Ататүрік кезінде Жерорта теңізінен бастап, Солтүстік мұзды мұхитқа дейінгі Ұлы Тұран мұраттарын таразылап, көпшілікке ұсынған еді («Загадки истории» журналы, №46, 2020 жыл). Расында да, осындай ауқымды тарихи жобаның болғанырас па? Ататүріктің мұндай жоба-жоспары шынымен болса, ол жузеге асты ма?**



# Тұран тарихының қөкжисігі

Біздінше, Ататүркін ол идеялары жузеге асты. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында әлем картасында жаңа тәуелсіз бес түркі мемлекеті, яғни Қазақстан, Әзбекстан, Қыргызстан, Туркіменстан және Әзіrbайжан мемлекеттері пайда болды. Содан бері қанша рет су ағып, құн-батып, таң атты дерсіз! Атаптан елдер өзіндік саяси дамудың арнасын дәл тауып, өркендей түсті. Әлем жүртшылығы түркі халықтарының қайта тулеуінің күесі болды.

Адамзат өркениеттің тарихы қай кездे болсын күрделі және соқтықпалы-соқпақты жолдардан өту арқылы жүзеге асатыны белгілі. Барлық халықтың шарықтау жөнө құлдырау кезеңдері болады. Мұндай жағдайдан түркі халықтары да шет қалған жоқ. Мысалы, ежелгі және ортағасырларда оларға өркениеттік дамудың ең жоғары ұстанымын табуға мүмкіндік туды. Азияда оларға қуатты Хун империясын құру бақыты бүйірды. Сондай-ақ, Үйсін және Кангюй мемлекеттері де осы кезеңдер аралығында пайда болды. Баламер мен Еділ патша бүкіл Еуропаны бағындырып, қуатты империя құрды. Олардың үрпақтары да Еуропада бірқатар мемлекетті құруға кол жеткізді. Атап айтқанда, Кубратханың Ұлы Болгариясы, Хазар және Авар қағанаттары, Шамбаттың Дулобасы, Аспарухтың Дунайдагы Болгариясы, Арпадтың Мадьяр мемлекеті, Лашиновичтердің Киев қағанаты мен Елізегі Булгария тарын басқа да

мәлімет келтіріледі: «Осыдан 15 мың жыл бұрын Идель-булгарлар Волга-Оралда ездерінің Идель мемлекетін құрып, сонымен қатар оны Тұран деп атаған». Бұл атау өте ежелгі матриархат кезеңдері билік құрып тұрған шақтарға жатады. Сол кезде маҳабbat құдайы есебінде Тұранды тәбеле көтеріп, әспеттеген. Айтқандай, ғұндардың ұлы билеушісі Баламердің зайыбының есімі осылы аталған. Ол Тұрандот ертегісіндең кейіпкердің қызметін атқарғандай өсер қалдырады.

Еділдегі Булгарияның орта ғасырдағы тарихшысы Гази-Барадж өзінің «Гази-Барадж тарихы» атты еңбегінде Тұран туралы жан-жақты мәліметтер қалдырыған. Ол былай деп жазады: «Баламер ханың батысқа қарай сапар жасауы азық-туліктің жетіспеүінен болды. Ол өзінің Идельдегі немесе Есқі Тұрандағы мемлекеттерінің ставкасын тастап, сол жаққа баруына тұра келді...».

Сонымен, сол кезеңдердің ықтапалымен «Есқі Тұран» атауы тілдік қолданысқа енді ([istclub.ru/topic/640-гази-барадж-гази-барадж-тарихы-летопись-гази-ба/](http://istclub.ru/topic/640-гази-барадж-гази-барадж-тарихы-летопись-гази-ба/)).

Гази-Барадж Самар өзені мен Самар тауларында Тұранның орнықанын атап өтеді. Ол сондай-ақ, тұрандықтардың тілі туралы да әңгімелейді. Булгарлық тарихшы былай деп жазады: «Қамандықтар оны булгарлық түркілер десе, ал, түркімендер «туран-тепе» (сөзітілген) деп атаған».

туркілер» белімінде мәліметтер көлтіреді (Алматы, 1990 жыл, 114-115-беттер).

Тұрандықтардың көші-қоны Орта Азияда жылжыды. Олар 1-Тұран (Еділ-Орал), 2-Тұран (сібірлік Тұран) отырықшылары болатын. Соның арқасында мұнда (Орта Азиялық Тұран) 3-Тұран құрылды. Оның аумағы Каспий теңізінен Жонғар Алатауына, Дешті Қыпшақтан Тәжікстанның шекарасына дейін созылып жатты.

«Авестада» және ортагасырлық әдебиеттерде «тур» сөзі алғаш рет жазылды. Олар Орта Азия аймақтарының тарихи өнірлеріне қоныс тепті. Ал, парсылық автор Фирдоуси өзінің елмес туындысы, яғни «Шахнаме» поэмасында ол жерлерді түркілердің емір сүрген аймағы деп жазып қалдырады.

Орта Азияда тұрандықтардың географиялық атаулары берік орын алды. Мысалы, Бахши Иман «Джагфар» кітабында былай деп хабарлайды: «Провинцияның батыс жағында Ург-тебе ерекше орын алған. Ол батыс пен солтүстікте Жайықпен (Оралмен) шекаралас, Шығыста – Уруғтау (Моголжар), ал, оңтүстікте – Джурджанмен (Хорезммен, Туран (Арал) теңізben және Мәнқышлақпен)» (Орынбор, III том, 1997 жыл). Сонымен, географиялық жағынан ауқымды Арал теңізі де тұрандық болып аталған. Сондықтан да, ауқымды

мемлекеттер осындаи-осындаи би-ниет пен табанды күрестің арқасында құрылған еді.

Орталық Азияда да саяси процестер белсенді түрде дамыды. Мұнда Түрік, Батыс Түрік, Шығыс Түрік, Түргеш, Қарлық қағанаттары мен мемлекеттері құрылды. Қарахан мемлекеті үлкен табыстарға қол жеткізді. Сол кездерде құмақтар, қыпшактар, жалайырлар, үйгүрлар, қыргыздар, наимандар, керейлер мен өзге де халықтар құрған мемлекеттер өзіндік ерекшелігімен танылды.

Селжук және Осман империяларының саяси іс-қымылы қөттеген ғасырлар бойы бүкіл әлемді таңдандырыды. Олар Еуропаның, Азия мен Африка халықтарының өмірі мен тұрмыстарында ерекше із қалдырыды.

Жана уақыттар кезеңінде өуропалық елдер дамудың өркениетті жолына түсіп, алғы шешке шықты. Ал, түркі халықтары көрісінше, құлдырай бастады.

«Түрік» этнонимі қөттеген халықтардың өмірі мен тарих ғылымында өзіндік берік позицияға ие болды. Расын айтқанда, әлемде 48 түркі мемлекеті бар. Әлем халықтарының бұған қызығанышпен қарауы занды құбылыс. Халықаралық тарихи сахнаға түркі халықтары екі атаумен, яғни тұрандықтар және түркілер болып шыққаны белгілі. Олардың алғашқысы ежелде пайда болған еді. Енді бізге ежелгі Тұранның аумағын ашық көрсетуге тұра келеді. Біздің зерттеулеріміз көрсеткендегі, ондай 3 үлкен аймақ бар. Олар Волга-Орал, Сібір және Орта Азия аймақтары.

Біздіңше, Тұран атауы Волга-Орал өнірінде пайда болды. Бірқатар ғалымдар ол өуропалықтардың бастапқы отаны болғандығын айтады. Олар мұнда Мұз және Мұз дәүірінен кейінгі кезеңдерде өмір сүрген. Ресейлік белгілі ғалым С.В.Трусов генетиктер үндіеуропалықтардың екі туыстық белгісі болғаны анықталғандығын хабарлайды. Әйткені, R1a және R1b гаплотоптартын жеткізушилер екені көрінеді. Бұл бұдан 10-15 мың жыл бұрын болған секілді. Бірінші, скифтердің, сарматтардың, галлдардың, үнділтердің, ирандықтардың, гректер мен славяндардың генетикалық негізін құрды. Екіншісі, герман тайпалары мен мас-сагеттердің, британдықтар мен иберлердің және түркітердің арғы атапарының гаплотоптартын құрды. Волга-Орал аймағында ежелгі тұрандықтардың өмір сүргендігі тұралы деректер жеткілікті. Біріншіден, генетиктер мен археологтар бұдан бұрынырақ тұрандықтардың (туркілердің) алғашында үндіеуропалықтар болғандығын дәлелдей шықты. Монголоидтықтармен қан араласу кейінірек болған.

«Тұран» атауын Еділдегі Булгарияның тарихшылары көнінен пайдаланады. Мәселен, Бахши Иманның «Джагфар тарихы» (Орынбор, 1997) кітабында төмендегідей

Киев қаласында өмір сүрген булгарлық ақын Микаэль Башту ибн-Шамс-Тебир де (882 жыл) «Шаң қызы дастаны» атты кітабында қызықты тарихи мәліметтер қалдырыған. Ол Тұран мемлекеті мен оның даңқты билеушісі Аламир туралы хабарлайды. Автор тұрандықтар жөнінде жылы лебіз білдіргенді.

Біздің заманымызға дейінгі IV-III мыңжылдықтарда Еділ-Орал аймағынан тұрандықтар Оңтүстік Сібірге қарай қоныс аударса, сол жақтан Месопотамияға қарай көш түзеген. Бұл деректерді ортағасырлық булгарлық тарихшылар және қазіргі заманы ғалымдар жан-жақты көлтіріп отыр.

Сібірде өздерін хондар, хундар, сюндар, үйсіндер деп атап тұрган кезде олар жергілікті тұрғындармен некеlesken. Осында өуропалық тұрандықтарға монголдық мінез-құлықтар мен дәстүрлерді біртіндеп сініре бастады. Ал, Оңтүстік Сібірде тұрандықтар өздерінің бұрынғы тілін, діни сенімін, әдет-ғұрып және дәстүрлерін сақтап қалды. Рас, бұған жергілікті халықтардың мәдениеті айтартықтай ықпал етті. Соның нәтижесінде өзіндік тамаша мәдениет қалыптасып, тұрандық рухани орта жаңа арнаға түскенін жасырудың реті жоқ. Ендігі кезекте тұрандықтардың тілін үйсін-ғұндық деп анағұрлым нақты атаудың сәті келді. Бұл – түркі тілінің ең ежелгісі.

Тұрандықтар өздерінің ежелгі отанындағы атауларды қөздерінің қарашығында сақтады. Жақсыбай Өмірсейітұлы өзінің жазған шежіресінде осындаи тоқтамға келген. Оның айтуыша, «Тұран елі – түркі халқы. Б.Ж.С.Д. 3000 ж. қауымдаса өмір сүрген» (Ә.Деуітбеков. Дұлаттар. Шымкент, 2016 жыл, 308-бет). Біздіңше, бұл автор Сібірдегі Тұран туралы мәлімет берген секілді. Осындаи ойға келуімізге Жақсыбай Өмірсейітұлы өз шежіресінде ежелгі Абакан мемлекеті жөніндегі мәліметті жазады.

Тұран атауы Сібірдегі топонимдер мен гидронимдердегі берік позицияға ие. Атап айтқанда, Краснояр өлкесіндегі Краснотуранск ауданының Краснотуранск қаласы, Тувадағы Пий-Хемск ауданындағы Турань қаласы, Тувадағы Тұран-Үюк котловинасы, Бурятиядағы Тункинск ауданының Тұран селосы сәзімізге жарқын дәлел. Бұл аумақтардың барлығы да Сібірге қарайды. Рас, тұрандықтардың өмір сүрген аумағы ұланғайыр. Сібір мен Монголияны екінші Тұран немесе сібірлік Тұран деп атауга әбден болады. Қазіргі таңда ежелгі тұрандықтардың үрпақтары хакастар, тувалықтар, алтайлықтар, шорлар, тофалар, якуттар, сібірлік татарлар, тағы басқалар болып табылады. Енисей өзенінің бассейнінде Тұран атты ру өмір сүреді. Олар туралы және өзге де түркі рұлары мен тайпалары жөнінде Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Түркілердің, қыргыздардың, казактардың хандық әүлеттердің шежіресі» атты кітабында «Енисейлік

көршілес аұмактың «Тұрандық жазық» деп аталуы бекер емес. Бұл заңды сәйкестік десек те жарасады.

Микаэль Башту ибн-Шамс Тебир өзінің «Шаң қызы дастаны» шығармасында: «Құдай сүйген Тұран облысының Жетісу деген жеріне бір кездері ат басын бүрдым» деп жазады. Демек, Жетісу Түркі қағанатының аумағы болғаны рас.

«Джагфар тарихы» кітабында кездесетін «Ортағасырлық булгарлардың географиялық қысқаша сөздігіндегі атаулар мен терминдер» жөнінде төмендегідей мәлімет көлтіріледі: «Тұран мемлекеті (Тұран жұрты) – түркі қағанатының VI-VIII ғасырлардағы булгарлық атауы». Қаһарлық әмірші Темірлан өзін Қарсақбай жазуында: «Тұранның сұлтаны» десе, ал, маңғыт әүлетінен шыққан бұқаралық әмірлер өздерін «Түркістандық Тұран заманының падишахтарымыз» деп санаган. (<http://ru.encyclopedia.kz/index.php>).

Біз көрсөткен атаулардан өзге тарихтың ежелгі тұстары да бар. Олар Волга-Орал Тұраннынан, Сібір Тұраннынан, Орта Азиялық Тұраннынан тысықары жерлерде орын алған. Мысалы, Олжас Сүлейменов өзінің «Хат тілі» («Язык письма») атты кітабында ежелгі этрускілер түркілермен этникалық байланыста болғандығын баяндайды. Мұндағай мәлімет те шындыққа саяды. Оларда Тұран деген маҳабbat құдайы болған. Оны Идель-Тұранның тұрғындары тұрмыстарына енгізген. Кейінрек ежелгі римдіктер «тур» атауын жиірек пайдаланды. Бәлкім, бұл сәзді олар этрускілерден қабылдаған секілді. Айтпақшы, ежелгі римдіктердің сөздік қорында, сондай-ақ, ежелгі гректердің де сез қолданыстарында түркілік леп (лебіз) көздесетіні жасырын емес (Кеңес-тік энциклопедиялық сөздік. М., 1982 жыл). Түркілік сөздер сонымен бірге Шумердің сөздік қорында да орын алған. Бұлардың қатарына аспан құдайы Дингирді (Тәнірі), су құдайы Наммуды (туркілік тіл бойынша - ылғал), егістік құдайы Ашынан (туркіше астық), тағы басқаларды тізбелесек те жарасады. Бұл сәздерді Еділ-Идельден Месопотамияға тұрандық тормэндер енгізгендай анық.

Қорытындылай келгенде, «Тұран» атауы және Тұранның халқы – сан мыңжылдық тарихтың шынайы дәлелі, көрінісі дер едік. Тұрандықтардың болашағы жарқын да көмел екендігі даусыз.

Әбдіқадыр ДӘУІТБЕКОВ,  
Чувашия Ғалымдар Академиясының  
академигі, Ресей және Чувашия  
Жазушылар одақтарының мүшесі,  
М.Әуезов атындағы ОКУ  
ғылыми қызметкері.